

«Балдырған» «бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Диагностика

2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың психологиялық таным процесстерінің көрсеткіштері


«Еркетай» тобы. Ересек топ

2025 жыл. мамыр айы.

Бала саны: 25

қатысқаны: 25

қатыспағаны:




«Айгөлек» тобы. Ересек топ

2025 жыл. Мамыр айы.

Бала саны: 25

қатысқаны: 25

қатыспағаны:




«Ботақан» тобы. Ортаңғы топ

2025 жыл. мамыр айы.

Бала саны: 25

қатысқаны: 25

қатыспағаны:




«Аққайың» тобы. Ортаңғы топ

2025 жыл. мамыр айы.

Бала саны: 25

қатысқаны: 25

қатыспағаны:




2024-2025 оқу жылының қыркүйек айындағы балалардың психологиялық таным процесстерінің көрсеткіштері

«Еркетай» ересек топ бала саны: 25

«Айгөлек» ересек топ бала саны: 25

«Ботақан» ортаңғы топ бала саны: 25

«Аққайың» ортаңғы топ бала саны: 25



Қорытынды хаттама № 2

2024-20225оқу жылының мамыр айында ортаңғы және ересек топтар арасында қорытынды танымдық процестерін зерттеу жұмыстары (3,4,5 жас аралығындағы балалармен) жүргізілді.

«Еркетай» ересек тобында – 25 бала

«Айгөлек» ересек тобында- 25 бала

«Ботақан» ортаңғы тобында - 25 бала

«Аққайың» ортаңғы тобында- 25 бала

Ересек және ортаңғы топтарға жас ерекшелігіне қарай тапсырмалар белгіленіп, балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процесстерін анықталып мониторингі шығарылды.

Ересек топтар:

Ересек топтарда: «Суретте қандай заттар жасырылған?» , «Есіңе сақта,және нүктелерді қосып шық», «Фигураны тап», «Артық затты көрсет», «Айырмашылықты тап», «Мына суретте не жетіспейтүр?», «Суреттерді салыстыр», «Белгілерді қой», «Топтастыр» - атты тапсырмалар арқылы зерттеу жұмысы жүргізілді.

Ересек топ балаларының танымдық процестерінің дамуын бақылау негізінде

1. Қабылдау:

Бала заттардың негізгі белгілерін (түсін, пішінін, көлемін) ажырата алады. Берілген тапсырмаларда қабылдау жылдамдығы жақсы. Көп жағдайда нұсқауды дұрыс түсінеді.

Қорытынды: Қабылдау қабілеті жасына сай дамыған / кейбір қиындықтар байқалады.

2. Зейін:

Зейіні тұрақты, тапсырманы соңына дейін орындайды. Ұзақ уақыт бойы шоғырланып жұмыс істей алады. Ауызша және көру арқылы берілген нұсқауларға жауап береді.

Қорытынды: Зейін көлемі мен тұрақтылығы жеткілікті деңгейде.

3. Ес:

Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ес жақсы дамыған. Қарапайым ақпаратты есте сақтайды және қайта айтып береді.

Қорытынды: Есте сақтау қабілеті нормада.

4. Ойлау:

Себеп-салдар байланысын түсінеді, сұрақтарға логикалық жауап береді. Салыстыру, талдау, жалпылау қабілеті қалыптасқан. Қорытынды: Ойлау процесі белсенді, логикалық байланыстар орната алады.

5. Қиял:

Сюжеттік және шығармашылық ойындарда өзін еркін ұстайды. Өз ойынан жаңа образдар шығара алады.

Қорытынды: Қиялы жақсы дамыған.

ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:

Бала танымдық процестері бойынша жас ерекшелігіне сай дамып келеді. Мектепке психологиялық тұрғыдан даяр.

Ұсыныс: Танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында логикалық тапсырмалар, есте сақтау және зейін жаттығулары ұсынылды....

Ортаңғы топтар:

«Ботақан» -25 бала

«Аққайың» тобында -25 бала

Ортаңғы топ балаларының психологиялық процестерінің диагностикалау әдістеріне «**Қай зат жоғалды?**», «**3 түрлі құрастырмалы матрешка**», «**Араға көмектес**», «**Бір сөзбен ата**», «**Суреттерді есіңе сақта**», «**Айырмашылығын тап**», «**Көлеңкесін тап**», «**Қиылған суреттер**», «**Түрлі түсті кубиктер**», әдістері бойынша жүргізілді. Балалардың қабылдау деңгейі «жақсы» есте сақтауы жас ерекшелігіне сай, тапсырманы орындауы жақсы екені анықталды.

Бақылау және диагностика нәтижелері бойынша:

1. Танымдық даму:

Балалардың есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеу дағдылары жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыған. Көпшілік балалар сұраққа нақты жауап береді, қарапайым логикалық байланыстарды таба алады. Кейбір балаларда зейін тұрақсыздығы байқалады, жеке қолдауды қажет етеді.

2. Қатынас (сөйлеу) дамуы:

Көптеген балалар өз ойын толық жеткізе алады. Сөздік қоры жақсы, сөйлем құра біледі. Дыбыстарды дұрыс айтуда қиындықтары бар бірнеше бала логопедпен жұмысқа жіберілді.

3. Әлеуметтік-эмоционалдық даму:

Балалар ұжымда еркін әрекет етеді, бір-біріне көмек көрсетеді. Қарым-қатынасқа түсе алады. Жеке эмоциясын білдіру, реттеу дағдылары қалыптасып келеді.

4. Қозғалыс белсенділігі:

Ірі және майда моторика жақсы дамыған. Қимылды ойындарға белсене қатысады, би жаттығуларын орындай алады. Ортаңғы топ балаларының көпшілігі жас ерекшеліктеріне сай даму деңгейінде. 2025-2026 оқу жылында келесі кезеңге өтуге дайын. Қосымша қолдау қажет балалармен жеке кеңестер ұсынылды.

